



Жеке тұлғаның банктік (ағымдағы/ ағымдағы арнайы) шоты туралы ШАРТ (Жалпы талаптары)

Осы Жеке тұлғаның банктік (ағымдағы/арнайы ағымдағы) шоты туралы шартта (бұдан әрі – Жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ-да жеке тұлғаның (бұдан әрі – Клиент) банктік ағымдағы/арнайы ағымдағы шотын ашудың, жабудың және жүргізудің, сонымен қатар ол бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптары айқындалады.

Бұл Шарт қосылу шарты болып табылады және ол «ForteBank» АҚ-ның Банкте депозиттерді орналастыру үшін операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеде белгіленген мерзімде жарамды және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын ағымдағы шотты /арнайы ағымдағы шотты ашу /жинақ шотын ашу және салымды орналастыру /шот ашу және жеке тұлғалар үшін негізгі төлем карточкасын шығару туралы Клиенттің өтінішін және басқа өтініштерін (бұдан әрі-Өтініш) Клиенттің Өтінішіне қабылдағандығы туралы Банк белгі қою арқылы/оған қашықтықтан банк қызметін көрсету жүйесі (бұдан әрі – ҚБҚЖ)/ басқа қашықтықтан кіру жүйелері арқылы хабарлама жолдау арқылы қабылдаған күннен бастап бекітілген болып есептеледі. Клиент өтінішке қағаз жеткізгіште немесе ҚБҚЖ-да Клиентті динамикалық сәйкестендіруді қолдану және бір реттік (бір жолғы) SMS-кодты енгізу арқылы электронды түрде /қашықтықтан кірудің басқа жүйелері арқылы тиісті электронды хабарлама жолдау арқылы қол қою мүмкін.

Клиент Өтінішке қол қоя отырып, Шарттың талаптарымен танысқанын, оны түсінгендігін және онымен келіскендігін растайды және оларды уақытылы және толық көлемде орындауды міндетіне алады. Шарт көпшіліктің назары үшін Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған. Клиент Өтінішке қол қою арқылы, өзі де, оның өкілі де қандай да бір санкциялық сипаттағы шектеулерге немесе шараларға түспейтінін, сондай-ақ күші жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сондай-ақ Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялық тізімдерде (бұдан әрі-Санкциялар) тұрмайтынын растайды.

1.ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Шарт бекітілгеннен кейін Банк Клиенттің өтініші негізінде Клиентке ағымдағы шотты (бұдан әрі – Шот) ашады және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Клиенттің пайдасына түскен ақшаны қабылдауға, Клиентке немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомасын аудару (беру) туралы Клиенттің өкімін орындауға және Шарттың мәніне сәйкес келетін төлем қызметтерін көрсетуге міндеттенеді.

1.2. Клиенттің Банкте шоты бар болса, ҚБҚЖ арқылы шот ашу Банктің қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес жұмыс күндері операциялық уақытта жүзеге асырылады. Егер Клиент ҚБҚЖ арқылы шотты ашу үдерісін демалыс немесе мереке күндері бастаса, шотты ашу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

1.3. Арнайы ағымдағы шотты ашу ұлттық валютада (KZT) жүзеге асырылады. Арнайы ағымдағы шот Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік

бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер аударуға арналған.

1.4. Клиенттің арнайы ағымдағы шоты болып табылмайтын ағымдағы шотына жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер түріндегі ақша түскен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда, Банк өз бетінше арнайы ағымдағы шотты ашады.

1.5. Банк арнайы ағымдағы шотты ашу кезінде:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ), халыққа жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер төлейтін уәкілетті органдар мен ұйымдардан ғана Клиенттің пайдасына түскен ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес арнайы ағымдағы шотқа қабылдауға (есептеуге);

2) «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ-тан, жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер төлейтін уәкілетті органдар мен ұйымдардан аударылған ақшаны, Клиенттің немесе оның заңды өкілдерінің талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, қолма-қол ақша етіп бергені үшін комиссия ұстаусыз төлеуге;

3) Клиенттің ақшаны арнайы ағымдағы шоттан мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер алатын жеке тұлғаларға арналған «жәрдемақы және әлеуметтік төлемдерге арналған ForteCard» төлем карточкасына аудару бойынша төлем талаптарын орындауға міндетті.

1.6. Шарттың 1.5. тармағында көрсетілмеген тұлғалардан Клиенттің арнайы ағымдағы шотына ақша түскен жағдайда, Банк ақшаны арнайы ағымдағы шотқа есептеуден бас тартуға құқылы.

1.7. Клиент шоты бойынша кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариалдық қызметпен, сондай-ақ жеке сот орындаушысының және кәсіби медиатордың қызметімен байланысты операциялардың жүзеге асырылмайтынымен келіседі.

1-1. Тұрғын үй төлемдерін есептеу үшін арнайы шот ашу және жүргізу ерекшеліктері

1-1.1. Тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызу үшін арнайы шот ашу- Банк, Клиент (алушы) және тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме арасындағы Тұрғын үй төлемдері туралы 3 жақты үлгілік шарттың және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушы туралы анықтаманың негізінде жүзеге асырылады.

1-1.2. Банк «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 101-5-бабына сәйкес нысаналы мақсатына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тіркелген тиісті шарттар негізінде тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызу үшін арнайы шот бойынша операцияларды жүзеге асырады.

1-1.3. Банктің құқығы бар:

1) мемлекеттік мекеменің келісімімен Алушының бастамасы бойынша тұрғын үй төлемдерінің пайдаланылмаған сомаларын басқа Банкке аударуға;

2) қате аударылған тұрғын үй төлемдерін алған алушының заңнамада белгіленген тәртіпте оның шотынан қате есептелген сомаларды есептен шығаруға келісетіні туралы өтінішін қоса бере отырып, мемлекеттік мекеменің өтініші негізінде мемлекеттік мекеменің шотына тұрғын үй төлемдерінің қате есептелген сомаларын қайтаруды жүргізуге құқылы.

1-1.4. Тұрғын үй төлемдерін нысаналы пайдалануға сәйкес, тұрғын үй төлемдерін есептеу үшін арнайы шот бойынша қолма-қол ақшамен операциялар жүргізуге (клиенттің және (немесе) үшінші тұлғалардың қолма-қол ақша жарнасы/ қолма-қол ақша беруге/төлеуге) тыйым салынады.

1-1.5. Тұрғын үй төлемдерін алушының міндеттемелері бойынша тыйым салуға, өндіріп алуға және шығыс операцияларын тоқтата тұруға жол берілмейді.

1-1.6. Тұрғын үй төлемдерін есепке алу үшін арнайы шот бойынша Банк Клиентке ҚБҚЖ-да қызмет көрсетпейді.

1-1.7. Тұрғын үй төлемдерін есептеу үшін арнайы шот бойынша операцияларды және көрсетілген қызметтерді жүзеге асырғаны үшін Клиент Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлейді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Банк міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған тәртіпте Шарттың мәніне сәйкес төлем қызметтерін көрсетуге;

2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы қарастырылмаған болса, Клиентке көрсетілетін банктік қызмет(-тер) бойынша алынатын комиссияның ақшалай мөлшері туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз етуге;

3) Клиент нұсқаулығының талаптарына сәйкес және соның негізінде төлем қызметтерін көрсетуге;

4) Жөнелтуші талап ету немесе тапсырма нысанындағы нұсқауларды берген кезде, Клиентке тиесілі ақшаның (банктік шоттағы қалдық шегінде) бар болуын қамтамасыз етуге;

5) Клиенттен қолма-қол ақша алуды және оған банктік шоттан қолма-қол ақшаны беруді есеп айырысу-кассалық құжаттар бойынша жүзеге асыруға. Бұл ретте Банк Клиентке немесе ол көрсеткен тұлғаға қолма-қол ақшаны беруді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, қолма-қол ақшаны беру өтінімін берген күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді;

6) Клиенттің банктік шоттан ақша аудару жөніндегі өкімдерін, Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен мерзімде орындауға;

7) Клиенттің банктік шотынан ақша алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген үшінші тұлғалардың нұсқауларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте орындауға;

8) Клиенттің немесе үшінші тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде және оған сәйкес берілген нұсқауын алған кезде, оны Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен және мерзімде акцептеуге немесе оны акцептеуден дәлелді бас тартуға;

9) Клиенттің немесе оның уәкілетті тұлғасының жазбаша талабы бойынша төлем қызметі жөніндегі ақпаратты банктік шот бойынша үзінді көшірме нысанында қолына беру арқылы немесе Клиент сұратқан басқа түрде ұсынуға;

10) банктік шот бойынша жүргізілетін операциялар бойынша құпияны сақтауға және үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Шартта белгіленген тәртіпте, талаптарда және негіздер бойынша банктік шоттың бар болуы, оның иесі мен банктік шот нөмірі, банктік шоттағы ақша қалдығы және қозғалысы жөніндегі мәліметтерді ұсынуға;

11) мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілерді, банктік шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және(немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдерін және(немесе) өкімдерін, сонымен қатар Клиенттің банктік шотындағы ақшаларына тыйым салу туралы актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындауға;

12) мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілердің, банктік шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және(немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдерінің және(немесе) өкімдерінің, сонымен қатар Клиенттің банктік шотындағы ақшаларына тыйым салу туралы актілердің күшін жою туралы белгіленген тәртіпте берілген тиісті құжаттар негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, банктік шот бойынша шығыс операцияларын қайта жаңғырту және Клиенттің бұрын иелік етуіне шектеу қойылған ақшаға иелік ету құқығын шектемеуге.

13) егер басқасы заңнамалық актілерде белгіленбеген болса, Клиенттің шотында бұндай нұсқауды орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Шотқа нұсқауларды орындау үшін жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін бір жылдың ішінде оған Клиенттің оған берілген қарыз(-дар)/кредит(-тер) бойынша Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында берілген нұсқауларды сақтауға.

14) Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге /Шартқа енгізілетін өзгерістер/ толықтырулар туралы ақпаратты, бұндай өзгерістер күшіне енгенге дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің forte.kz ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыруға

2.2. Банк құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында оларды біржақты тәртіпте өзгертуге тыйым салынған талаптарды қоспағанда, бұндай өзгерістер күшіне енгенге дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ол туралы Клиентке алдын ала хабарлай отырып, Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің forte.kz ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, Шартқа енгізілетін өзгерістер/толықтыруларды біржақты тәртіпте енгізуге.

Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, Шартқа енгізілетін өзгерістер/ толықтырулар осы тармақта көрсетілген тәртіппен 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты өзгертуге тыйым салынған, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, тиісті өзгерістер күшіне енгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын, өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакцияны) Банк филиалдарының операциялық залдарына және/ немесе Банктің forte.kz ресми сайтына орналастыру арқылы Клиентті бұл туралы алдын ала хабардар ете отырып, үндемей білдірілген Клиенттің ерік білдіруі негізінде Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізуге құқылы.

Банк өзгеріс/толықтырулар енгізу туралы хабарлама жариялаған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиенттің осы Шартқа өзгерістер/толықтыруларды қабылдамағаны туралы жазбаша өтінішін ұсынбауы - бұл оның ерік білдіруінің көрінісі болып табылады және Клиенттің осы өзгерістермен/толықтырулармен келісетінін білдіреді.

3) Клиенттің осы Шартқа қол қоя отырып оның ағымдағы шотынан (тарынан) ақша алуға берген алдын ала келісімінің негізінде, Клиенттің ағымдағы шотынан(-тарынан), сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен, келесі жағдайларда ақшаны алуға:

а) ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылатын рұқсатсыз төлем жасау

дерегін анықтағанда;

б) жалған төлем құжатының негізінде ақша аударылғанда;

в) нұсқаулық қате орындалғанда;

г) Салымшының Шарт бойынша және/немесе оның кез келген басқа ақшалай міндеттемелері бойынша, қандай да бір банктік қызметтерді көрсеткені үшін Банк комиссиясын төлеу, соның ішінде кейін оны Салымшының Банк алдындағы кез келген берешегін өтеу мақсатында алу үшін ақшаны Салымшының жинақ шотынан ағымдағы шотына аудару арқылы төлеу бойынша міндеттемелерін қоса алғанда, Банк алдында берешегі болғанда;

д) Банктің қателіктер жіберуінің нәтижесінде ақша негіздемесіз шотқа есептелсе;

е) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер және тәртіп бойынша басқа жағдайларда.

4) Клиенттен Банктің шоты (тары) бойынша операциялар жүргізуді жүзеге асыруы, Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін, басқалардың қатарында Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы, сондай-ақ осы Шарттың 5.5-тармағына сәйкес қажетті кез келген құжаттарды және кез келген ақпаратты сұратуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен Шарттың күшін тоқтатуға және банк шотын жабуға құқылы:

а) Банктің ресми сайтында орналастырылатын хабарламаға сәйкес (Клиенттің жеке өзіне хабарлаусыз), Клиенттің шотында бір күнтізбелік жылдан астам уақыт ақша болмағанда;

б) ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Клиенттің банктік шотында бір жылдан артық ақша қозғалысы болмағанда;

в) уәкілетті мемлекеттік органы жасаған қаржылық мониторингілеу тізімінде (бұдан әрі – Тізім) Клиент туралы мәліметтер болған жағдайда;

г) егер операцияның/мәміленің немесе мәміленің бір тарабы/қатысушысы Тізімге енгізілген тұлға болса / ақшаны жылыстатудың, терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырудың халықаралық тәуекелдері бар елде тіркелген / орналасқан немесе халықаралық ұйым немесе шет мемлекет болса, немесе осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысатын болса;

д) егер Клиент жасайтын операцияларды тексеру процесінде олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік болса;

е) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рұқсат берілмеген жағдайлардан басқа кездері, Клиент, өзіне тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісуден бас тартқан жағдайда;

ж) егер Банк Шарттың Банктің қызметіне қатысты талаптары, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер заңнамасының, жария болып табылатын банктің және корреспондент Банктің ішкі рәсімдері мен талаптары бұзылады деп пайымдаса, сондай-ақ қолданысы Банк және Клиентке қатысты (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, операция түрімен, клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сондай-ақ төлемдермен байланысты, осы елдерге немесе осы елдерден өткізілетін) кез-келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкция болған жағдайда;

з) Банктің және оның клиенттерінің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, құқыққа қайшы әрекеттерді іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де жағдайларда.

Шарт (Іскерлік қатынастар) біржақты тоқтатылған жағдайда, Банк шартты (іскерлік қатынастарды) тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) күн бұрын Клиентті Банкте бар мекенжай немесе телефоны бойынша Шартты орындаудан бас тарту туралы электрондық нысанда (Клиенттің электрондық поштасының мекенжайына, SMS-хабарлама және/ немесе ҚБҚЖ-да Push--хабарламалар) не пошта арқылы, сондай-ақ егер Шартта өзгеше тәртіп көзделмесе, Банктің сайтында және/немесе ҚБҚЖ-да ақпаратты орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

б) төлем құжатында көрсетілген аударым валютасы, Клиенттің банктік шотының валютасы сәйкес келмеген жағдайда, Клиент осы Шартқа қол қою арқылы Банк белгілеген төлем жасалған күнге валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып айырбастау жолымен Клиенттің банктік шотының валютасында Клиенттің шотына есепке жатқызуды жүргізуге келісім береді;

7) банктік шот бойынша операцияны жүргізуді тоқтата тұруға және /немесе одан бас тартуға:

а) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда;

б) егер Клиент жасайтын операцияларды тексеру процесінде олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік болса;

в) Тізімде Клиент туралы мәліметтер болса;

г) егер операцияның/мәміленің немесе мәміленің бір тарабы/қатысушысы Тізімге енгізілген тұлға болса / ақшаны жылыстатудың, терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырудың халықаралық тәуекелдері бар елде тіркелген / орналасқан немесе халықаралық ұйым немесе шет мемлекет болса, немесе осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысатын болса;

д) Клиенттің қолма-қол ақша алуға алдын ала өтінімі болмаған жағдайда;

8) Банктік шоттағы ақша алаяқтық немесе өзге де заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген күдік болған жағдайда және оған қатысты құқыққа қарсы әрекеттер іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда, Банк өз қалауы бойынша Клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын (барлығын немесе жекелеген), оның ішінде ҚБҚЖ-да, белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға, сондай-ақ көрсетілген іс-әрекеттер мен олардың салдарын болдырмауға, Клиенттің, Банктің немесе оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқартуға бағытталған басқа да шектеулер мен шаралар енгізуге;

9) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамға (бұдан әрі – «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ) Клиент туралы мәліметтерді (ақпаратты/құжаттарды) (соның ішінде Т.А.Ә., туылған күні, ЖСН және т.б.), Клиентке заңнамаға сәйкес тағайындалған және «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ төлейтін зейнетақы, жәрдемақыны және әлеуметтік төлемдер алуға арналған банктік шоты туралы, банктік шоттағы ақша қалдығы және қозғалысы туралы, банктік шот бойынша жүргізілетін операциялар туралы мәліметтерді, банктік шоттан үзінді көшірмелерді, Клиент үшінші тұлғаларға банктік шотқа иелік етуге берген сенімхат көшірмелерін қоса алғанда, банктік шотты жабу туралы, Клиентке және оның «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚдан зейнетақы, жәрдемақыны және әлеуметтік төлемдер алуына қатысты басқа мәліметтерді, соның ішінде банк құпиясын құрайтын мәліметтерді беруге;

10) БЖЗҚ сұрау салуы бойынша Клиент туралы, соның ішінде ЖСН-нің Клиенттің зейнетақы алуына арналған банктік шот нөміріне сәйкес келуі туралы, банктік шоттың қолданыста болуы және оның арнайы ағымдағы банктік шот санатына жататындығы туралы ақпаратты, сонымен қатар БЖЗҚ берген Клиенттің төлем карточкасының нөмірі бойынша банктік шот нөмірі туралы ақпаратты беруге;

11) Осы Шартқа сәйкес Клиент шотты жабу туралы өтініш берген күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң төлем карточкасын қолдану арқылы ағымдағы шотты жабуға, төлем карточкасы арқылы бұрын жүргізілген операциялар бойынша талаптарды орындау мақсатында, Клиент шотты жабу туралы өтініш берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткенге дейін ағымдағы шот бойынша кіріс операциялары, Банк алдындағы берешекті өтеуге арналған кіріс операцияларын қоспағанда, тоқтатылады, Клиент осы Шартқа қол қоя отырып оған келісімін береді.

12) Клиент осы Шартының 2.3. т. 7) тармақшасының талабын орындамаған жағдайда және Клиент берген сегнімхаттың заңдылығын банк анықтау мүмкін болмаған жағдайда, банктік шот бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға.

13) оған заңнамада және/немесе Шартта ұсынылған өзге құқықтарды жүзеге асыруға.

2.3. Клиент міндетті:

1) Банкке банктік шот ашу, банктік шот бойынша операция жүргізу, өзінің банктік шотының күйі туралы ақпарат алу үшін қажетті құжаттарды, сонымен қатар Банк валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңының талаптарын сақтауы үшін, оның ішінде Клиенттің мәліметтерін/жеке мәліметтерін жинақтау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) және осы Шарттың 5.5-тармағына сәйкес АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service), соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы беру мақсатында сұрау салатын құжаттарды ұсынуға. Банктік шотты ашу кезінде Банкке ұсынылған ақпарат өзгерген жағдайда, FATCA талаптарына сәйкес (соның ішінде Клиент Америка Құрама Штаттарының азаматы емес және салық төлеушісі емес, бір жыл ішінде АҚШ-қа бармаған, тұруға ықтиярхаты жоқ, поштаның мекен-жайы, Америка Құрама Штаттарында тіркелген телефон нөмірі жоқ, АҚШ аумағында тұратын жеке тұлғаға мәміле жасау құқығына сенімхат бермеген) Клиент Банкке өз бетінше хабарлауы тиіс;

2) егер Банк басқасын белгілемесе, банктік шот бойынша тиісті операцияны жүзеге асыру кезінде, Банк қызметтерін банктік шот бойынша операцияны жүзеге асыру сәтінде қолданыстағы және Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған тарифтер бойынша Банктің кассасына қолма-қол ақша енгізу және/немесе Банктің банктік шотына ақша аудару және/немесе Банктің Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны дебеттеуі арқылы төлеуге;

3) тез арада, 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Банкке Банктің Клиенттің банктік шоты бойынша жүргізетін операцияларына әсер етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы, соның ішінде, келесілер, бірақ бұлармен шектелмегенде: тұрғылықты мекенжайының, байланыс телефонының, тегінің, атының, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттардың өзгеруі, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттардың жоғалуы немесе ұрлануы, Шарттың жеке данасының түпнұсқасының жоғалуы немесе ұрлануы туралы жазбаша хабарлау. Сенім білдірілген тұлғаның оған берілген сенімхат бойынша құзыретінің аяқталған және/немесе оған берілген сенімхаттың күші жойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде, бұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын қоса бере отырып жазбаша хабарлау. Олай болмаған жағдайда, Банк болған өзгерістер туралы ақпараттың онда болмаған кезінде жасалған, шот(-тар) бойынша операцияларды жүргізуге әсер ететін әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін жауапты болмайды;

4) олардың нәтижесінде Клиенттің банктік шотына негізсіз ақша аудару факті орын алған қателік фактілері анықтаған жағдайда, Банкке Клиенттің мұндай аударылу фактісін анықтау сәтінен немесе Банктің мұндай ақшаны қайтару жөніндегі тиісті хабарламаны жіберу сәтінен бастап 5 (бес) операциялық күннен кешіктірмей, мұндай тәртіпте банктік шотқа аударылған ақшаны толық көлемде қайтаруға;

5) Банкке қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінімді ұсынуға, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ қолма-қол ақша алу мақсатын растайтын құжаттарды, оларды алғанға дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынуға және қолма-қол ақшаны Банкте бар банкноттар мен тиындарда қабылдауға;

6) кезеңдік негізде, олармен Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің forte.kz ресми сайтында танысу арқылы Шартқа енгізілетін өзгерістердің/толықтырулардың мониторингін жүзеге асыруға;

7) Банкті шоттағы ақшаны пайдалануға сенімхатты беру дерегі жөнінде, Банкке сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну арқылы, сенімхатты беру күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

8) өзге міндеттер мен Банктің Шартқа және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылатын талаптарын уақытылы және тиісті түрде орындауға;

9) Банктің forte.kz ресми сайтында және/немесе Банк филиалдарының операциялық бөлмелерінде Шартқа енгізілген өзгертулерды / толықтыруларды, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтері туралы ақпаратты үнемі қадағалап отыруға;

10) шотты қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланбауға.

11) Егер Шарттың қолданылуы кезінде қандай да бір сәтте ол білген немесе ол туралы білуге тиіс болған кезде санкциялардың қолданылуы/әсер етуі туралы өзіне белгілі болса, Банкке дереу, бірақ күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімде хабардар етуге міндетті. Санкцияны қолдану/ықпал ету кезінде, сондай-ақ Клиент санкцияны қолдану /ықпал ету туралы Банкті хабардар ету жөніндегі міндетті бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, кез келген операцияны жүргізуді тоқтата тұруға, одан бас тартуға құқылы;

12) Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқаулар жібермеуге немесе операциялар жасамауға. Егер осы Шарт шеңберіндегі қандай да бір нұсқау не операция Банктің қалауы бойынша санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін қандай да бір қолайсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жасаудан бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту дегеніміз, оның ішінде санкциялық тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдар құру, төлемдерді жүргізу немесе санкцияны бұза отырып қаржыландыру алу және т. б.

2.4. Клиент құқылы:

1) Банктік шоттағы ақшаға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес, өздігінен өкімдік етуге;

2) банктік шот бойынша операцияларды Банкте белгіленген операциялық күн ішінде жүргізуге;

3) Клиенттің банктік шотына қызмет көрсету бойынша Банк көрсететін қызметтердің толық кешенін алуға;

4) Банктен банктік шоттағы ақша сомасы және банктік шот бойынша жүргізілген операциялар жөніндегі мәліметтерді алуға;

5) Банкке қолма-қол және/немесе банктік шоттың жабылғанын/Шарттың бұзылғанын растайтын Банк Клиенттің өтініште көрсеткен мобильді телефон нөміріне жіберген бір реттік (бір жолғы) SMS-кодты пайдалану арқылы (динамикалық сәйкестендіру) берілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік шотты жабуға / Шартты бұзуға кедергі келтіретін жағдайлардың болмау шартында, банктік шотты жабудың/Шартты бұзудың жобаланған күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, банктік шотты жабу/Шартты бұзу туралы жазбаша өтінішімен жүгінуге.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Тараптар Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

3.2. Банк Клиенттің, онымен қоса, бірақ онымен шектелмей, банктік шоттан ақша аудару жөніндегі және/немесе банктік шоттан қолма-қол ақшаны беру жөніндегі нұсқауларын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Клиентке, Банктің міндеттемені тиісті орындау күнін қоспағанда, мерзімі өткен әрбір операциялық күні үшін Банктің орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған нұсқауы сомасынан 0,1 (нөл бүтін оннан бір) % көлеміндегі өсімпұлды, бірақ залалдарды емес, бірақ кез келген жағдайда көрсетілген сомадан 5 (бес)%-дан артық болмайтын сомада төлейді.

3.3. Клиент осы Шарттың талаптарында қарастырылған өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Клиенттен міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісті түрде орындамаудың әрбір жағдайы бойынша 1 (Бір) АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлеміндегі өсімпұлды өндіріп алуға құқылы.

3.4. Банк келесілер үшін жауапкершілік көтермейді:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің қолданысқа ену нәтижесінде туындаған Шарт талаптарының өзгерісі үшін;

2) банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және/немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде банктік шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;

3) Клиенттің келісімінсіз банктік шоттан ақша шешу негізділігі үшін және Клиенттің оның келісімінсіз банктік шоттан ақша шешуге қарсы наразылығын қарастырмайды.

4) Қазақстан Республикасының "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы ісқимыл туралы" заңына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілетін операциядан бас тартқаны, сонымен қатар тоқтатқаны үшін.

3.5. Тараптар Банктің залалдарын өтеуге Клиенттің құқығы тек Банктің тұрақсыздық айыбын төлеумен шектелетіндігімен келіседі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы қарастырылмаса.

3.6. Тараптар егер бұндай жағдай өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, электр қуатыныңының берілуіндегі іркілу деген сияқты, бірақ онымен шектелмей, еңсерілмейтін күш жағдайларының және Тараптардың кез келгені орындауға міндетті мемлекеттік органдардың шешімдері салдарынан болса, өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

3.7. Клиент Шартқа қол қоя отырып шет мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және әрекеттері Клиентке және оның Банк немесе Банк арқылы жүргізетін операцияларына (соның ішінде, бірақ шектелмей, операциялар түрімен, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сонымен қатар осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдермен байланысты) таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарын (соның ішінде шығындар мен жіберілген пайдаларды) өз мойнына алады. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен жіберілген пайдалар) үшін жауапкершілік көтермейді.

4. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

4.1. Шарттың күші келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

1) Тараптардың жазбаша келісімі бойынша;

2) Банк осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте банктік шотты жапқан кезде;

3) осы Шартқа сәйкес берілген және осы Шартты бұзуға кедергі келтіретін жағдаяттар болмаған жағдайда, Клиенттің Шартты бұзу туралы өтініші бойынша;

4.2. Шартты бұзған жағдайда, осы Шарт бойынша Клиентке берілген жеке сәйкестендіру коды жойылады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛАПТАР

5.1. Банк рұқсат етілмеген төлемдерге Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін қорғаныс әрекеттерін жүзеге асырады.

5.2. Осы Шарттың шеңберінде төлем қызметін шетел валютасында көрсеткенде, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында басқасы қарастырылмаса, Банк тағайындаған айырбастау бағамы қолданылады.

5.3. Шарттың әрекет етуі мерзімі ішінде Банк ұсынатын төлем қызметінің ең жоғарғы мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдерге сәйкес келеді.

5.4. Клиентке оның банктік шоты бойынша есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету Банк белгіленген операциялық уақытта жүргізіледі.

5.5. Клиент Шартқа қол қоя отырып, forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге деректерді жинау және өңдеу туралы келісімнің нысаны бойынша Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы тәртібімен келіседі.

5.6. Осы Шарт талаптарын тиісті түрде орындау бойынша, онымен қоса рұқсат етілмеген төлем қызметтері бойынша да туындаған дауларды/ сұрақтарды шешу үшін Тараптар, егер осы Шартта басқасы қарастырылмаса, жазбаша түрде шағымды/ хабарламаны/ ескерту хатты жолдаумен келіссөздер арқылы шешуге тырысады. Келісімге келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте шешіледі.

5.7. Шарт бойынша барлық хабарламалар Тараптар көрсеткен деректемелер бойынша қолма қол және/немесе пошта қызметімен және/немесе факспен және/немесе электронды поштамен жолданған жағдайда, бұл ретте таңдап алынған байланыс каналы хабарламаның адресатқа жеткізілгендігі туралы растама хабарлайтын болса, Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, хабарлама тиісті Тарапқа(-пен) тиісті түрде жолданған / қабылдап алынған болып есептеледі.

5.8. Осы Шартпен реттелмеген барлық қатынастар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

5.9. Рұқсат етілмеген төлем қызметі бойынша Клиенттің негізделген хабарласуы немесе басқадай шағымы болғанда, Банк ондай шағымды қарауды аяқтаған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде шоттағы операция сомасын қайтадан толтырады және Клиенттің құжатпен расталған басқадай шығындарын өтейді.

5.10. Банк Клиенттен Шарттың талаптарында анықталған, рұқсат етілмеген операция туралы, оған Банктің ондай операция жүргізгені үшін комиссиясын ескере отырып, рұқсат етілмеген операция сомасынан аспайтындай көлемі туралы хабарламаны алған соң, Банк рұқсат етілмеген төлем қызметімен байланысты Клиенттің шығындарын өтейді, Шартта анықталған жағдайларды қоспағанда, заңнамада рұқсат етілген жолдармен қайтарады.

5.11. Клиент Шартқа қол қоя отырып, Клиент қашықтықтан қызмет көрсету жүйесінде Банктің интернет және мобильді банкинг қашықтықтан қатынасу құралын пайдалана отырып жолдаған құжаттарын/нұсқаулықтарын Банктің қабылдауы заңды түрде алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген қағазда басып шығарылған құжаттарды қабылдаумен бірдей екенін мойындайды. Клиент Банкке Электрондық банктік қызметтерді ұсыну туралы келісімде көрсетілген тәртіпте және жағдайларда жасалған және берілген құжаттарды пайдалану құқығын береді. Бұл ретте Клиент Банкке орындау үшін интернет және мобильді банкингте жіберілген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапкершілік көтереді.

5.12. Клиент банктік шот бойынша интернет- және мобильді банкингі немесе логин, құпиясөз және/немесе бір реттік кодты пайдалану арқылы балама каналдар арқылы жасалған барлық операциялар үшін өз бетінше жауапкершілік көтереді. Банк Клиенттің банктік шот бойынша интернет- және мобильді банкингі немесе балама каналдар арқылы операциялар жасау туралы нұсқаулықтарын уақытында орындауы үшін жауапкершілік көтереді. Бұл ретте, Клиент логин, құпиясөз және/немесе бір реттік кодты құпия сақтауға және үшінші тұлғаларға жариялануына жол бермеуге міндетті, олар үшінші тұлғаларға жарияланған жағдайда, соның ішінде Клиенттің оларды құпия сақтау үшін жеткілікті түрде шаралар қолданбауының себебінен, Клиент бұған байланысты барлық салдарды және тәуекелдерді өз бетінше көтереді.

5.13. Осы арқылы Банк, Қатысушы Банкке 02.03.2015 жылғы №17 куәлігі берілген Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы Клиентке хабарлайды. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес, шоттағы ақша депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

Заңда көзделгендей, шот бойынша кепілдікті өтеудің мерзімі мен тәртібі туралы ақпарат, оның ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның ерікті зейнетақы

жарналарын есепке алу үшін өтемнің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған жеке зейнетақы шотына аударуы туралы Салымшыны хабардар ету туралы ақпарат, Заң талаптарын орындау мақсатында депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым бекіткен хабарлама нысанында forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған.

Клиент, Өтінішке қол қойып және Жеке тұлғаның банктік (ағымдағы/ ағымдағы арнайы) шоты туралы шартқа (Жалпы талаптары) қосыла отырып, көрсетілген хабарламамен танысқанын растайды.

5.13.-1 Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормаларын сақтайды. Тараптар олардың әрқайсысы паракорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты шаруашылық қызметке байланысты қағазбастылықты оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешуді қамтамасыз ету болып табылатын жәрдемдесу /төлемдер үшін төлемдер жасауды көздейді. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары мен осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын жұмыскерлері қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуді/алуды немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) кез келген тұлғаға, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету мақсатында, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздейтін тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде беруді қабылдамайды, төлемейді, төлеуді ұсынбайды және рұқсат бермейді (санкция береді). Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы куәліктер болып табылады. Тараптар шарт жасау кезінде осындай куәліктерге сүйенеді. Тарапта осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

5.14. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілінде екі данада жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, оларды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні бойынша түсіндіріледі.

Банк:

«ForteBank» АҚ

Мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

БөК – 14

Қоршот: "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі" ММ-де

KZ23125KZT1001300204

Телефондары +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, ұялы телефоннан - 7575.